



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор

С.Н.Идрисов




« 07 » 2024 ж.

“ҚЫЗ ЖІБЕК” ҚЫЗДАР КЛУБЫ

№ 233

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Қыз жібек” қыздар клубы туралы Ереже	2 - бет, 8 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г.Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		18.01.2024
	Зангер	К.С.Куанов		18.01.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Қыз жібек” қыздар клубы туралы Ереже	3 - бет, 8 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Қысқартулар	6
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	4
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	5
8	Жауапкершілігі	5
9	Қорытынды ережелер	5
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	5
	Танысу парағы	7
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	8

1 Жалпы ережелер

- 1.1 "Қыз Жібек" қыздар клубы ұлттық құндылықтарды насихаттауға, қыздардың жан-жақты дамуына, олардың рухани, мәдени, және әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған.
Қыздарға арналған тәрбие мен мәдени бағдарламаларды іске асыру, қазақ халқының дәстүрлерін, салт-дәстүрлерін үйрету және сақтап қалуға ықпал ету;
- 1.2 Клубтың кездесулері белгілі бір күндерде және уақыттарда, апта немесе ай сайын өткізіледі.
Кездесулер тікелей (офлайн) немесе онлайн форматта ұйымдастырылуы мүмкін.
Клубтың іс-шаралары топтық талқылаулар, ұлттық дәстүрлерді таныстыру, шығармашылық шеберліктерді дамыту, тұлғалық өсуге бағытталған тренингтер және басқа да іс-шараларды қамтиды;
- 1.3 Клуб аясында кез келген кемсітушілікке, ренішті немесе дөрекі мінез-құлыққа жол берілмейді.
Қатысушылар арасында өзара құрмет пен қолдау көрсету маңызды.
Клубтың ішкі тәртібін бұзған қатысушылар ескерту алып, қайталанған жағдайда клубтан шығарылуы мүмкін.

2 Қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:
АУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;
ҚЖКК – Қыз Жібек Қыздар Клубы;
ҚЖҚ – Қыз Жібек Қыздар;
ҚР – Қазақстан Республикасы;
ҚЖК – Қыз Жібек Клубы;

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
3.2 Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;
3.3 АУ жарғысы;
3.4 АУ құжаттамасы;

4 Негізгі міндеті

- 4.1 Қыздарға қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін үйрету.
Әдептілік, инабаттылық, жауапкершілік және мейірімділік сияқты рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту.
- 4.2 Қыздардың өзін-өзі тануына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына және өз мүмкіндіктерін іске асыруға көмектесу.
- 4.3 Қыздарды қоғамдық іс-шараларға қатысуға, волонтерлік қызметтерді атқаруға және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге ынталандыру.
- 4.4 Қоғамдағы қыздардың ролін нығайту және оларды белсенді азаматтық позицияны ұстануға шақыру.

5 Негізгі қызметі

- 5.1 Қыздарға қазақ халқының ұлттық құндылықтары, дәстүрлері, салт-дәстүрлері туралы дәрістер, семинарлар мен тренингтер өткізу.
Рухани-адамгершілік тәрбиені күшейту мақсатында әдеп және этика сабақтарын ұйымдастыру;

- 5.2 Ұлттық мерекелерге арналған іс-шаралар, байқаулар, көрмелер ұйымдастыру. Ән, би, драмалық өнер сияқты шығармашылық бағыттардағы үйірмелерді ұйымдастыру;
- 5.3 Қыздарды әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу;
- 6 Ұйымдық құрылымы**
Президент (Клуб жетекшісі):
- Клубтың жалпы жұмысын басқарады және барлық мүшелер арасында үйлестіруші рөлін атқарады.
 - Клуб жиналыстарын ұйымдастырады және жүргізеді.
 - Жаңа мүшелерді қабылдауға, клуб саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға жауапты.
 - Клуб атынан сыртқы ұйымдармен байланыс жасайды.
 - Жалпы жауапкершілік: Президенттің орынбасары ретінде клубтың түрлі қызмет бағыттарын бақылауға және үйлестіруге көмектеседі.
 - Функциялары:
 - Клубтың негізгі жобаларын басқару.
 - Клубтың жұмыс жоспарын орындауды қадағалау.
 - Қажет болған жағдайда Президенттің міндеттерін уақытша орындау.
- 7 Құқығы**
- 7.1 Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті насихаттайтын іс-шаралар, семинарлар, тренингтер және басқа да кездесулер ұйымдастыру. Әр түрлі тақырыптарда ашық дәрістер, шығармашылық кештер, көрмелер, байқаулар және басқа да іс-шаралар өткізу.;
- 7.2 Клуб мүшелеріне кәсіби даму бағдарламалары, білім беру және кәсіби бағыт-бағдар беру қызметтерін ұсыну.
Қыздардың көшбасшылық дағдыларын дамытуға арналған тренингтер мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру.
- 7.3 Клубтың мақсатына сәйкес келетін мәселелер бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыру және тарату.
Қоғамдық пікірталастарға қатысу және өз ұстанымдарын жариялау.
- 8 Жауапкершілігі**
- 8.1 Клуб мүшелерінің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдау.
- 8.2 Клубтың іс-шаралары мен қызметі қоғамдық тәртіпке, заңдарға және этика нормаларына сәйкес жүргізілуі керек.
- 9 Қорытынды ережелер**
- 9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.
- 10 Өзгерістер енгізу тәртібі**
- 10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.
Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Қыз жібек” қыздар клубы туралы Ереже	6 - бет, 8 беттен тұрады

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді. Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады. Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.

